"Аджип Қарашығанақ Б.В. ("Аджип"), БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед (" Бритиш Газ"), Тексако Интернэшнл Петролиум Компани ("Тексако") компаниялары, ЛУКойл Мұнай Компаниясы Ашық Үлгідегі Акционерлік Қоғамы ("Лукойл"), Қазақойл Ұлттық Мұнайгаз Компаниясы жабық үлгідегі акционерлік қоғамы (" Қазақойл") мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған 1997 жылғы 18 қарашадағы "Қарашығанақ мұнайгазконденсаты кен орынының мердігер учаскесінің өнімін бөлу туралы нақты келісімнің салық режимі туралы нұсқаулықты бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 29 қаңтардағы № 42 және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 29 қаңтардағы № 29 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 28 сәуірдегі № 181 бұйрығының күшін жоюды тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 569 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Аджип Қарашыганақ Б.В. («Аджип»), БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед («Бритиш Газ»), Тексако Интернэшнл Петролиум Компани («Тексако») компаниялары, ЛУКойл Мұнай Компаниясы Ашық Үлгідегі Акционерлік Қоғамы («Лукойл»), Қазақойл Ұлттық Мұнайгаз Компаниясы жабық үлгідегі акционерлік қоғамы (« Қазақойл») мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған 1997 жылғы 18 қарашадағы «Қарашығанақ мұнайгазконденсаты кен орынының мердігер учаскесінің өнімін бөлу туралы нақты келісімнің салық режимі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 29 қаңтардағы № 42 және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 29 қаңтардағы № 29 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 28 сәуірдегі № 181 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2875 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ә.С. Жұмаділдаев) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап, бір апталық мерзімде оның көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Осы бұйрық оған қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі *Б. Жәмішев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК